

## **Зейнетақы және атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі аудан тұрғындарының өтініштерін қарау комиссиясы туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 87/1 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 15 маусымда N 2596 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 08 маусымдағы N 151/6 қаулысымен

**Сноска. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007.06.08 N 151/6 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 17 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зейнетақы және атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі аудан тұрғындарының өтінішін қарау комиссиясы құрылып, құрамы заңнамаға сәйкес аудандық **м ә с л и х а т қ а** **е н г і з і л с і н .**

2. Зейнетақы және атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі аудан тұрғындарының өтінішін қарау комиссиясының Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Закирьяновқа жүктелсін.

*Аудан әкімі Т.Мүбәраков*

М а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 4 м а м ы р д а ғ ы  
" З е й н е т а қ ы ж ә н е а т а у л ы  
ә л е у м е т т і к к ө м е к ж ө н і н д е г і а у д а н  
т ұ р ғ ы н д а р ы н ы ң ө т і н і ш і н қ а р а у  
к о м и с с и я с ы т у р а л ы "

N 87/1 қаулысымен бекітілген

## **Зейнетақы және атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі аудан тұрғындарының өтінішін қарау комиссиясының Ережесі**

### **Жалпы ережелер**

1. Зейнетақы және атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі аудан тұрғындарының өтінішін қарау комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) зейнетақы және атаулы әлеуметтік көмек алатын тұрғындардың сұрақтарына жазбаша түрде жауап беретін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия аудан әкімдігінің жанынан құрылады.

3. Кеңес қызметі Қазақстан Республикасының Заңдарына, сол сияқты осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

## **Негізгі мақсаты**

4. Зейнетақы және атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі аудан тұрғындарының өтініштерін қарау, талқылау және жазбаша түрде жауап беру.

## **Комиссияның құқығы**

5. Зейнетақы және атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі сұрақтар бойынша тиісті органдардан жауабын сұрау.

6. Комиссия мәжілістеріне тиісті органдарды қатыстыру.

## **Комиссияның құрамы және жұмысы**

7. Комиссияның құрамы:

1) комиссия төрағасы;

2) комиссия төрағасының орынбасары;

3) комиссия мүшелері;

4) жұмыс жоспарын комиссия белгілейді;

5) комиссия мәжілісі түскен өтініштерге байланысты жиналады.

6) комиссия мәжілісінің қорытындысы бойынша мәжіліске қатысушы комиссия мүшелерінің қолдары қойылған хаттама жазылады.

7) Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес зейнетақы және атаулы әлеуметтік көмек алатын адамның өтінішіне комиссия жазбаша түрде есебі бар атаулы парақ береді және комиссия мүшелері қол қояды;

8) комиссияның жұмысшы органы аудандық тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөлімі болып табылады.